

Тақырыбы:

Маскулинділік пен феминділікті зерттеудің жеке сипаттамалары.

Жоспар

ы:

- Гендерлік айырмашылықтар
- Қарама қайшы жыныстардың айырмашылықтары.
- Альтруизм мәселесі

Гендер ұғымы қоғамның әйелдер мен еркектердің биологиялық жынысына байланысты таңатын әлеуметтік рөлдері арасындағы, әрекет–қылықтарындағы және эмоционалдық сипаттамаларындағы айырмашылықтарды білдіреді. Гендерлік айырмашылықтардың иерархиясынның негізінде маскулиндік (еркек) үстем, ал феминдік (әйел) бағынышты деп белгіленеді. Нәтижесінде әйелдер де, еркектер де гендерлік стереотиптерінің «құрбаны» болып қалады.

Феминистік зерттеулердің кең өріс алған кезі ХХ ғасырдың 70-ші жылдарына келеді. Қазір феминизм ескі және жаңа феминизмге бөлінеді. ХVІІІ ғасырда пайда болған ескі феминизмде жаңа феминизмнен айырмашылығы әйелдердің әлеуметтік теңдігі жайлы ұғымдары өте тар болып келеді.

«Қазіргі заманғы философиялық сөздікте» феминизм екі деңгейде анықтауды талап ететін ұғым ретінде түсіндіреді, өйткені бір жағынан үлкен қоғамдық қозғалыс болса, ал басқа жағынан бұл әйелдердің қоғамдағы жағдайын талдайтын әлеуметтік – философиялық, әлеуметтік, психологиялық культуурологиялық теориялардың кешені

Адам жынысының ерекшеліктеріне және оның психологиялық айырмашылықтарына байланысты соңғы уақытта қоғамда белсенді талқыланатын мәселелердің қатарында. Себебі қоғамдық ортада ерлер және әйелдер рөлі қазір жеткілікті өзгерістерге ие болып отыр. Ерлер мен әйелдер, ұлдар мен қыздар әр түрлі параметрлер бойынша, яғни психофизиологиядан және нейропсихологиядан бастап психиканың әлеуметтік – психологиялық ерекшеліктеріне дейін салыстырылады..

Психологиялық жыныс

```
graph TD; A[Психологиялық жыныс] --> B[маскулинділік]; A --> C[феминділік]; A --> D[андрогинділік];
```

маскулинділік

феминділік



андрогинділік

Маскулинділік. Әдетте еркектік сипаттраға дәстүрлі түрде келесі сипаттарды жатқызады: тәуелсіздік, қайсарлық, доминанттылық, агрессивтілік, тәуекелге баруға бейімділік, өзіне деген сенімділік және т.б. Арнайы зерттеулерде агрессивтілік андрогендердің көлемімен арақатынас орнататыны белгілі болған. Тағы басқа зерттеулерде маскулинді индивидтерде жалпы өзін құрметтеу, академиялық жетістіктерде және өзінің физикалық сыртқы бейнеі бойынша жоғары өзін-өзі бағалау көрінген.

Феминділік. Дәстүрлі түрде әйелдік сипаттарға көне білушілік, жұмсақтылық, сезгіштік, ұялшақтық, нәзіктік және т.б. жатқызады. Феминділіктің әлеуметтік стереотиптері тұлғаның жыныстық жақтарына және мансаптағы жетістіктерге азырақ қатысты, бірақ эмоционалды аспектерге көп мағына беріледі.

Андрогинділік. Бар түсініктерге байланысты индивид анық көрінетін тек психологиялық маскулинділік немесе тек феминділікке ие болу міндетті емес. Андрогинде осы сипаттар өте үйлесімді және өзара толықтыра отырып көрінеді. Маскулинділік пен феминділік сипаттарының мұндай үйлесімді интеграциясы андрогинді типтің бейімділік мүмкіндіктерін жоғарылатады

Батыс психологтары маскулінділік феминділікті, қабілеттерді, эмоцияларды, қызығушылықтарды т.б өлшейтін арнайы шкалаларды құрастырды.



Терман Майлз тесті, М-Ф ММРІ шкаласы, Гилфордтың маскулинділік шкаласы және т.б. Бұл шкалалар индивидтің қандай да норма шегінде маскулинділік және феминділік дәрежесімен ерекшеленетінін болжайды. Бірақта мұндағы маскулинділік және феминділік қасиеттері альтернативті өзара қатынаспайтын көрсетеді: маскулинділіктің жоғары көрсеткіші төменгі феминділікпен коррекцияланады, және керісінше. Мұнда нормативті болып ер үшін маскулинді қасиеттердің жоғарылығы, ал әйел үшін феминділіктің жоғары деңгейі. Әр түрлі шкалалар интеллект, эмоция, қызығушылықтар т.б бір бірімен сәйкес келмейді, белгілі бір көрсеткіштері феминді болуы мүмкін. Жаңа жетілдірілген тесттер маскулинділік және феминділікті альтернатива ретінде емес, тәуелсіз автономды өлшемдер ретінде қарастырды. Бір индивидтің маскулинділік және феминділік шкалаларының көрсеткіштерін салыстыру оның психологиялық андрогиниялық дәрежесін анықтауға мүмкіндік береді. Андрогинді деп жыныстық рөлдік нормаларды қатаң ұстанбауға мүмкіндік беретін, дәстүрлі деп саналатын әйел және ер іс-әрекеттерін еркін ауыстыруға мүмкіндік беретін бір мезгілде маскулинді және феминді қасиеттері бар индивидті айтамыз. Мұнда бағдарлар мен реакциялардың жыныстық рөлдік таптаурынга сәйкес болуы , яғни ерлердегі жоғары маскулинділік, ал әйелдердегі жоғары феминділік көрсеткіштерінің болуы психикалық үйлесімділіктің кепілі еместігі анықталды.

Альтруизм (лат. alter - өзге, фр. altruisme) - басқалардың мүддесі жолында өз мүддесінен бас тартуға дайын моральдық принцип, басқаларға риясыз қызмет етуге тырысу. Эгоизмге (лат. -ego - мен) қарама-қарсы және оны жаншып басуға бұйырады; бір түрдің қимыл әрекетімен басқа түрдің өмір сүру бейімділігінің артуы ал өз бейімділігінің төмендеуі. Ұғымды мораль теориясына енгізген француз философы әрі әлеуметтанушысы О. Конт. Ол бойынша альтруизмнің - "басқалар үшін өмір сүр" - қағидасы қоғамды моральдық тұрғыда жетілдіруге көмектеседі. Альтруизм идеясы көне- шығыс өнегелік ілімдерінде көрініс тапқан. Жаңа заманда альтруизм жайлы толғамдарды ағылшын философ-моральшысы А. Шефтсбери өрбітті, этикалық ілімдердің негізгі бөлігі ретінде Ф. Хатчесонның, Адам Смиттің, Ж.Ж. Руссоның және басқаларының этикалық ілімдерінің құрамдас бөлігі ретінде қаралды. ХІХ ғ. басы ХХ ғ. ресейлік православиелік философиялық ой (К. Н. Леонтьев, Н. А. Бердяев) буржуазиялық-демократиялық моральды сынау барысында альтруизмді де сынға алды. П. А. Кропоткиннің этикасында альтруизм, басқа да өнегелік сезімдер сияқты өзін-өзі қорғауға жағдай туғызады.

Пайдаланган әдебиеттер:

1. Т.В.Бендас. Гендерная психология: учебное пособие.-СПб.:Питер,2005
2. Хофстеде Г. Маскулинность и фемининность. Традиция национальных культур. Лондон. 1998.
3. Хорни К. «Женская психология» СПб, 1993. С 76-87.